Әскерлердің орналасқан жерін уақытылы инженерлік бөгеттермен қамтамасыз ету, инженерлік қамтамасыз ету шараларын жүргізу барысында жарықпен қамтамасыз ету, бүркемелеу шараларын жүргізу. Қозғалмалы бөгеттеу бөлімі түнгі уақытта бригада командирінің рұқсатымен миналақ алаңға жақын жерде орналастырылуы мүмкін. Алдын-ала мина орнату алаңы белгіленіп және оған барудың тиімді жолдары қарастырылады. Әскерлердің бүркемелерінің алдында немесе қорғаныс шептерінің арасында миналар орнатылады. Құлатуға қиратуға дайындалған объектілердің күзеті күшейтіледі. Инженерлік техниканың жүру жолы мен котловандық техникамен қазылатын жерлер алдын – ала жарық кезде, түнде жақсы көрінетін белгілермен белгіленеді.

Қаладағы қорғаныстағы ұрысты инженерлік қамтамасыз ету мақсатында қорғаныс шебін құру үшін тұрақты жертөлесі бар ғимараттар, тасты қоршаулар қолданылады.



Терезелер мен есіктердің және ғимараттардың қабырғасынан амбразуралар жасалынады. Басқару орталығы мен дәрігердің көмегін көрсету, қару-жарақ пен оқ-дәрілерді сақтауға ғимараттардың жертөлелері қолданылады. Олардың қабырғалары күшейтіліп, қосалқы шығу жолдары жасалынады. Әскерлердің қорғаныс шебі құрылған ғимараттар, тез жанатын және жарылу қауіпі бар тұрмыстық техникалардан босатылады.

Инженерлік бөгеттер танктердің қалаға кіруге тиімді жолдарында құрылады. Көпірлер, ғимараттар арасындағы көшелер арасына жарылғыш заттар қойылып, үлкен ғимараттар құлатуға дайындалады. Қаладағы барлық су көздері тізбеге алынып, қалалық су құбырлары әскерлерді сумен қамтамасыз етуге жұмылдырылады. Сонымен қатар су құбырларына қатысы жоқ, сумен қамтамасыз ету пункттары судың көзін табу, оны тазарту мақсатында инженерлік әскерлермен құрылады. Сумен қамтамасыз етудің бір пункті батальон (дивизион) жақсы жағдайда бір пункт полкты қамтамасыз ете алады.

Қорғаныстағы ұрысты таулы аймақтарда инженерлік қамтамасыз етудің ерекшеліктері.

Таулы аймақтарда қорғаныс жүргізуде инженерлік барлаудың негізгі күштері, қарсыластың іс-қыймылдарына тиімді аумақтарда және өзіміздің әскеріміздің айналып өтуге тиімді жолдарында жүргізіледі. Инженерлік бақылау постылар саны көбейтіледі, көп қабатты бақылау жүйелері салынады.

Қарсыластың маңызды жолдардың қиылысында, өтпелдерде, тар жолдарда құрылған инженерлік іс-шараларын айқындау мақсатында, әскери барлаушылармен қатар жіберілген қарсыластың ішінде жүрген инженерлік барлау тобының маңызы ерекше. Жеке құрамды қарсыластың қаруынан қорғау мақсатында таудағы үңгірлер, ойыстар қолданылады. Осындай табиғи жасырындар жоқ жерде, қолдан инженерлік қопарғыштар арқылы жасалады, сонымен қатар құм толтырылған қаптарды қою, қысты күні табиғи мұздардың үйінділерінен жасалады. Инженерлік бөгеттер қарсыластың әскеріне өтуге ыңғайлы жолдарда жасалынады. Оның негізгілері ашық жолдар, өтпелдер, қорғанушы жақтың осал жерлеріне апаратын жолдар.

Қорғаныстың түбінде туннелдер, көпірлер, жолдар, жолдағы ғимараттар құлатылуға, қиратылуға дайындап қояды. Жолдардың бойында көліктерге қарсы миналар, фугастар, бағытталған және жарықшақты миналар орнатылады. Әуеден инженерлік бөгеттер жасау мақсатында тік ұшақтар қолданылады.

Таулы жолдарда, каньондарда, өзендердің бойында-инженерлік өтпелдер қолданады. Бұзылған көпірлер мен жолдарды қалпына келтіру мақсатында инженерлік жолдар жасау ротасы әртүрлі жұмыстар атқарады. Сумен қамтамасыз ету пункттері жауын – шашын шайып кетпейтін, қар басып қалмайтын аумақтарда орнатылуы қажет. Таулы аймақтарда судың негізгі көзі ретінде бұлақтар қолданылады.

Қорғаныстағы ұрысты шөлді аймақтарда инженерлік қамтамасыз етудің ерекшеліктері. Шөлді аймақтарда әскерлердің қорғаныс шебін құру мақсатында құм толтырылған қаптар, сонымен қатар іштей өндірілетін темірден жасалынған құрылғылар қолданылады. Шөлді аймақтарда негізгі инженерлік бөгеттер қарсыластың соқысының негізгі бағыттарында, қорғанушы жақтың екі жақ шетінен, қорғаныс пункттерінде жасалынады. Шөлді аймақтағы инженерлік бөгеттердің негізгі түрі танктерге және жаяу әскерлерге қарсы миналық аландар. Қорғаныстың түбінде туннелдер, мосттар, жолдар, жолдағы ғимараттар құлатылуға, қиратылуға дайындап қояды. Инженерлік әскерлердің



қорғаныстағы іс-қыймылдарына арнайы айналмалы жолдар қарастырылып дайындалады. Сонымен қатар жолдардың бойында көліктерге қарсы миналар, фугастар, бағытталған және жарықшақты миналар орнатылады. Инженерлік әскерлерді инженерлік бөгеттер орнату аумағына жеткізу мақсатында ұшақтар мен тікұшақтар қолданылады. Құмды аймақта орнатылған жарылғыш бөгеттерге тұрақты бақылауға алынып уақыт өте келе тексеріліп отырылады. Құмның бетінде көрініп қалған миналар қайта орнатылып бүркемелеу шаралары жүргізіледі. Әскерлердің жолдары тұрақты белгілермен белгіленіп қояды. Су аз аймақтарда сумен қамтамасыз ету пункттері құрылады.

Жоғары көңіл осы сумен қамтамасыз ету орындарын күзетке алуға жұмсалады.

Сонымен қатар инженерлік бүркемелеу шараларын жүргізу барысында жоғары көңіл су көздерін жасыруға бөлінеді.

Орманды аймақтарда қорғанысты инженерлік қамтамасыз ету бақылауға арналған бағыттарды тазалаудан, өртке қарсы іс – шараларды қолданудан басталады. Бақылауға ағаштардың жоғарғы бөлігінен бақылау орындары дайындалып олады жасыруға үлкен көңіл бөледі. Қарсыластың шабуылдауына тиімді бағыттарда жарылғыш бөгеттерден басқа да, ағаштардан бөгеттер және сигналдық миналар орнатылады. Қорғаныстың түбінде соғыс барысында миналық бөгеттер жолдардың бойында, ашық, қарсыластың өтуіне тиімді бағыттарда құрылады. Орман арасындағы жолдарда әскерлер жалған бағытпен кетпес мақсатында жолдарда белгілер орнатылады. Өрт қауіпін алдын алу мақсатында орманда кеуіп кеткен ағаш үгітінділері мен тез өртену қауіпі бар ағаштардан тазартылып, өртке қарсы шараларға қажетті материалдармен жабдықталып, су қорымен қамтылады.

Қорғаныстағы ұрысты солтүстік аумақтардағы қысты күні қамтамасыз етуде – ауа райының ерекшеліктеріне үлкен көңіл бөлінеді. Осындай аймақтарда мұздың қатуы, қардың көлемі, қар астындағы топырақтың қату тереңдігі, су бөгеттеріндегі мұздың қалыңдығы назарға алынады. Окоптар, жасырын орындар, бүркемелер қысты күні қардың көмегімен жасалынады.

Қатты топырақ жарылғыш заттармен қопару арқылы жұмсартылады. Сумен қамтамасыз ету пункттері жолдың бойында және судың жағасында орналастырылады. Қысты күні су алу мақсатында қарды, мұзды еріту арқылы кеңінен қолданылады. Миналық бөгеттер құрылған кезде көбінесе басқармалы жарылғыштармен орнатылады. Қатып қалған су, өзендерде миналық бөгеттер мен майналар құрылады. Қар жауғаннан кейін, бораннан кейін миналық бөгеттердің жай күйі тексеріліп, қалпына келтіріліп бүркемелеу шаралары жүргізіледі. Іс-қыймылдар мен келіп- кетер жолдар үшін, бұрыннан келе жатқан жолдарды қолданады. Әскерлердің жолдары қардан тазалау арқылы жолдар жасайды. Әскерлердің қозғалысы жолдар мен қоса мұздар көл, өзен үстімен де жүргізіледі. Әскери техникамен қару – жарақтарды, оқ – дәрілерді қорғау мақсатында жергілікті жердің түсіне боялады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әскерлерді далалық сумен қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық Астана – 2009 ж.
2. Инженерлік әскерлерінің арнайы тактикалық және техникалық даярлығы. Астана – 2004 ж.
3. Колибернов Е.С.«Ұрысты инженерлік қамтамасыз ету» Астана – 2004 ж.



текущего года личный состав научно-исследовательского отдела совместно с кафедрами института провели следующие конференции, совместно с кафедрой тактики «Форсирование водной преграды в современных условиях: задачи, отрабатываемые документы, проблемы и пути их решения», с кафедрой гуманитарных дисциплин «Психолого-педагогические проблемы повышения боевой готовности» и «Современные течения нетрадиционной религии и пути по предотвращению их влияния на военнослужащих Вооруженных Сил»; и с кафедрой боевого обеспечения - «Инженерное обеспечение боевых действий войск в современных условиях: задачи и пути их решения».

Тема патриотического воспитания молодого поколения была активно обсуждена на межвузовской конференции организованной кафедрой иностранных языков и научно-исследовательским отделом «Жаһандану жағдайындағы патриотизм және оның қоғам өміріндегі маңызы».

Продуктивная работа обеспечивается сплоченным коллективом. Коллектив научно-исследовательского отдела является примером идеального коллектива, так как здесь всегда царит доверие и уважение.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ РӨЛІ



*Құрлық әскерлерінің Әскери институтының
гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы
Самаев Есенгелді Абдикаимович*

Резюме. В данной научной статье рассматривается формирование и развития религиозной ситуаций в Казахстане и дается разъяснение сущности и содержания религиозной обстановки, а также ее влияние на духовно-нравственное и социально–религиозное условие развития современного Казахстанского общества.

Summary. This scientific article reveals the formation and development of the religious situation in Kazakhstan and explains the essence and content of the religious situation and its impact on the spiritual and moral, social and religious conditions of development of modern Kazakhstani society.

Қазақ қауымы осы күнге дейін қалыптасып үлгерген өзінің рухани қазыналарын түгелдеп, бір жүйеге салып, оның шынайы құндылығын әлі анықтай қойған жоқ.. Коммунистік идеологияның көлеңкесінде қалып қойған қазақ халқының іргелі дүниелерінің ішіндегі діни болмысымызға жаңаша мән беріп, оның бір тұтас жүйесін жасап шығару үлкен қоғамдық-ғылыми жетістік болар еді.

Соңғы жылдары республикамызда ислам дінінің жанданып, мәдени-рухани өмірімізге ықпал етіп, тіпті саяси-әлеуметтік мәселелерге араласа бастағаны белгілі. Осынау әрекет-тірліктеріміздің мәні неде? Мәселенің мәні – қоғамдық санадағы болмашы өзгерісінің ұлт тағдырына қарай ықпал ететінін бажайлап отыруда болса керек. Себебі, ұлттық болмысқа қоғамдық-әлеуметтік күштердің әсер ететінін, нендей үрдістердің күшейіп бара жатқанын тап басып біліп отыру арқылы және нақты әрекетке көшу арқылы ғана рухани шыңдалуға болатыны ақиқат.

Діннің пайда болуы адам өмірінде, қоғамда болып жатқан әртүрлі өзгерістерден туындайтыны тарихи тұрғыдан анықталған жай. Дін шыққан уақытынан бері қарай адамның бүкіл өмірінде реттеуші күшке айналуына көптеген тарихи деректер бар. Сонымен бірге, діннің қоғамдық сананың белсенді формасы ретінде сақталып отырғандығы да рас. Қазір дін көптеген жылдар бойы насихатталып келген адамгершілік ережелерінің әділетсіздіктің жетегінде кеткенін сынау үстінде күшейіп отыр.

Өйткені, дін қоғам өмірінде жіберілген саяси экономикалық қателерге, рухани адасушылыққа жауапты емес. Дін тарихын тиянақты зерделеуші оны алдамшы деп бағалаудың қате пікір екендігін біледі. Діннің мәдени дамуының жемісі екендігін оның тарихи, танымды, психологиялық тамырлары



шыққандығын мойындау қажет. Діни шешімдер адамдардың күнделікті өмір салтын, қоғамдық заңдарды ескере отырып уағыздалады.

Кез келген дін сияқты ислам діні де адам қоғамына тән моральдық-этикалық, кісілікті нормаларға сүйенген. Оған қоса, ислам діні өзі дүниеге келген ортаның сұранымымен үндесіп жатады. Ислам діні тек қана наным – сенім аясымен шектелмей, сол діндегі елдердің өмір салтына, моральдық-этикалық нормаларына, дәстүріне айналып отыр.

Сондықтан біз бүгінгі таңда жер бетінде миллиардқа тарта адамның зейінін өзіне тартқан ислам дінін ең алдымен рухани құбылыс ретінде құрмет тұтамыз. Ал, қазақ халқының тарихында ислам дінінің толық дами алмағанына көшпенділік тұрмысының салты мен ғұрпы кедергі болғаны анық. Қазақ исламы, қазақ мұсылманшылдығы догмалық исламнан әлде қайда өзгеше, тұрмыс ауқымынан алысқа бармайтын діни наным.

Егер халқымыздың барша өмір салты ғылыми зерде сүзгісімен өтер болса, қазақ халқының тарихи-әлеуметтік болмысында ислам дінінен әлдеқайда басым екеніне көзіміз жетер еді. Тәңірлік дін әлі түбегейлі зерттеліп, адам қоғамындағы орны жете анықталған жоқ. Біздегі «бақсылық» деп аталған шамандық та түптеп келгенде тәңірлік діннің бір тарау көрінісі ғана.

Қазақ халқының өмір салты мен дүние танымында, басқа тіршілік – тынысымыздың баршасы тәңірлік дінмен қойындасып жатыр. Жер бесіктен тал бесікке дейінгі қазақ тіршілігінде ислам дінінің нышаны өте аз. Дәстүрлі наным-сеніміміз бойынша халқымыз не аспан-көкті, не айды, не отты, не жерді, не суды, не әрбір құбылыс пен заттың пірлерін кие тұтып, соған сәйкес жөн-жобалығы мен ырымын жасаған. Дүниеге келген нәрестенің жататын орнын отпен аластаудан бастап, дүниеден өткен адамға ас беруге дейінгі жөн-жоралығының баршасы тәңірлік наным-сеніммен астасып жатыр.

Сондықтан да саналы тіршілік иесінің табиғи аяқталуы болып саналатын адам өлімін дін мен ілім жан-жақты қарастырып келді. Мәселен, ертедегі египеттіктер адамның пәнилік ғұмырын, бар болғаны бақилық ғұмырға барар алдындағы дайындық қана деп ұққан. Олардың өліп қалған перғауындарға көбірек құлшылық етіп, оларға арнап алып пирамидалар салып, денелерін бұзылмайтындай бальзамдаулары сондықтан.

Ал, ертедегі жапондықтар адам өлгеннен кейін оның жаны ұрпақтарының жанына кіріп, әрі қарай өмір сүре береді деп сенген. Сондай-ақ буддизм, зороастризм, иудаизм және басқа діни ілімдер де өлім табиғитын өздерінше түсіндіріп бағады. Бірақ бұл діни ілімдердің бәрі де бір мәселеде - өлімді қорқынышты, жат құбылыс етіп көрсетуде бірбірімен үндес болып келеді. Ал, өлімді заңды табиғи құбылыс деп пікір айтқан Сократ, Платон, Аристотель ілімі болғаны аян. Бұл ілім бойынша, өлім деген – тәннен жанның бөлініп шығуы. Яғни, тән ғана өледі, ал жан мәңгілік. Сократтың, Платон мен Аристотельдің өлімнің аса зор қайғылы ауыр қасіретін жеңілдететін осы ілімін данышпан Абай қатты сезініп, терең ұғынған. Сондықтан да ол:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Мінеки, өлеңнің бүкіл тұла бойы ақыл мен жан (мен) өлмейді, тән (менікі) ғана өледі деп тұр ғой. Абайдың осы төрт жол өлеңі Сократ, Платон, Аристотель ілімдерінің алтын арқауымен жалғасып жатқан жоқ па?



Абай ұғымынша, адам баласы өлімнен үрейі ұшып қорықпау керек, өлім деген де өмір сияқты заңды құбылыс.

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қандайсың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла шырақ.

Сондықтан да Абай «тұла бойы ұят пен ар», «жасқа жас, ойға кәрі» сүйікті ұлы Әбдірахман өлген кезде жазған бірнеше өлеңін «сабырлық қылсақ керек-ті» деп туған-туыстары мен өзіне басу айтып аяқтайды. Сондықтан да Абай өзінің ең жақсы көретін інісі Оспан өлгенде «жан біткенге жалынбай, жақсы өліпсің, апырмай» дейді. Егер Абай өлім табиғатын соншалықты терең түсінбесе, жас кеткен өзінің ең жақсы көретін інісіне «жақсы өліпсің, апырмай» деп айтар ма еді?

Тіпті, керек десеніз, Абай өлімді адам баласын зорлық пен зомбылықтан, қорлықтан құтқарушы деп ұғады.

Мен – мақтанның құлы емес,
Шын ақылға зорлық жоқ.
Антұрған көп пұл емес,
Өлім бар да қорлық жоқ.

Өлім бар да қорлық жоқ. Бұл – Сократ, Платон, Аристотель философиясының Абай арқылы одан әрі тереңдеуі. Жаңа мәнінің тосын мағынаға ие болуы.

Жалпы Абайды дүниетанымдық көзқарасы жағынан исламды насихаттаушы деп атауға болады. Басты көзқарасы қарапайым; алла – дүниені жаратушы, адамды жасаушы, ол имандылықтың негізі. Абай исламды қазақ халқын имандылыққа тәрбиелеу құралына айналдырмақшы болды. Ол өз туыстарын адам өмірінің бағасын оның рухани дүниесінің қасиетінен көре білу керек дейді. (6 – сөзі).

Зороастризмде айтылатын өлімді жауыздықтың түрі деп есептеу шаманды тұтынған халықтар аңыздарындағы өлімнен қашу түрінде көрсетіледі. Мысалы, Қорқыттың өлімнен қашу туралы аңызы. Күлтегін ескерткіштерінде Отан туралы салтанатты сөздер, «түркілер суы» туралы, «шындық жолы» туралы сөздер бар. Олардың тегі, - сөз жоқ, зороастралық.

Тәңірлік зороастралық ұғымдар біздің дәстүрімізде, әдет-ғұрпымызда, сенімдерімізде, түсті жоруларымызда сақталған. Қазақстанда ислам діні мен шамандықтың араласып кетуі мен тәңірін алламен, жер рухын шайтан, аруақ, әулиелермен, Өзірейл, Жебрейілдерді шамандық өліммен ұқсастырудан көрініс тапқан.

Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың қайнар көзі, қазіргі біз шамандық – ескі наным деп атап жүрген, кезінде бүкіл халық табынған дін еді.

Ислам діні арадан ғасыр өткенде республикада қайта жанданса, біздің ұлттық мәдениетімізбен қай тұрғыда тіл табысады деген мәселе туады. Соңғы жылдары Наурыз мерекесі аталып өте бастады. Көк жүзін тәңірі тұта телміріп, ондағы аспан денелерін өмір тіршілігінің бағдаршысы ете білген көшпенділер күн менен түннің теңесер сәтін алдымен болжауы заңды еді. Ислам діні белең алған заманда «наурыз» сөзінің парсылардан ауысқаны болмаса, бұл мереке қазақ арасында «ұлыстың ұлы күні» деп аталады.

Демек, Мұхаммед пайғамбар дүниеге келмей тұрғанда тойлана бастаған осы тарихи мәдени айғағымызды ислам дінінің нәтижесі деуімізге болмайды.



Неғұрлым тереңнен тамыр алатын қазыналарға сенетін болсақ, болашақта ұлттың мықтылығы мен өміршендігі солқұрлым анық көрінетін болады.

Қазіргі кезде қазақ зиялы өкілдерінің бір тобы «қазаққа жаңа дін керек» деп жүр. Қолдан құдай жасап, немесе алыстан келер әлдеқандай миссияны күтетін дәуір өткен сияқты. Бұрынғы Кеңес Одағында ресми идеология ислам дінін жоққа шығарса, соңғы жылдары орын алған оқиғалар мұсылман дінінің дүние жүзінде аса ықпалды күш екенін көрсетті.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтқандай – «Қазақстан халқының 60 процентінен астамы мұсылман дінін ұстанатыны белгілі. Мұны біз ескеруіміз керек. Кеңес үкіметі кезінде біздің рухани, діни мұрамыздан аулақтатқысы келді. Көп ретте солай болды да. Сондықтан қазақтар үшін, республика халқының мұсылмандық бөлігі үшін рухани, мәдени қазыналарға қайтып оралу маңызды дүние болып саналады.

Сондықтан біз исламды өмірге қайта келтірдік деп қуанышымыз қойнымызға сыймай жүр. Ал, ойлап қарасақ, исламға дейін де қазақ халқы өмір сүрген, өзіндік рухани байлықтарға ие болған. Қазақ аруаққа сенген, отқа сыйынған, тәңірге бағынған.

Иә, даланың өз дүниетанымы, өзіндік қайталанбас әлеуметтік тәжірибесі болған. Тәңір, Жасаған ием. Осы шексіз де шетсіз ұғымдардың мазмұны мен мәніне тоқталмай – ақ қоялық. Олар қазақтың ұлттық санасынан ешқашан сарқылар емес. Рас, анимизм (қазақта ол ата-баба аруағына табыну) әлемдік діндердің әлдеқайда төменгі сатыда, әрі олармен бәсекелесе де алмайды. Бірақ ол халықтың тұрмысында әлеуметтік қатынастарында мәңгі қалыптасып қалды. Әруаққа сыйыну, оны қастерлеу қазақ үшін имандылық жолы. Бәлкім, бұл жаңа ұлттық идеологияның қарапайым бір элементі ретінде бағаланар. Алайда мұндайда неғұрлым тереңнен тамыр алатын қазыналарға сенетін болсақ, болашақта ұлттың мықтылығы мен өміршендігі соғұрлым анық көрініс беретін болады. Сондықтан осындай қиын-қыстау кезеңдерде қазіргі толық қалыптасқан халықтың дәстүрлі қазыналарына, әдет-ғұрып пен салт-санасына, діні мен өркениетіне, әлеуметтік тәжірибесі мен әлеуметтік қатынастарына сүйену қажет.

Ислам қазір қазақ жерінде екі бағыттағы қазметімен көрінеді. Бірінші – мәдени-ағартушылық, екіншісі – саяси-әлеуметтік. Бірінші бағыт: халықты жалпы мұсылмандыққа насихаттау, халық дәстүрлерімен ұштасқан исламның рухани мәнін түсіндіру. Екінші бағыт: саясаттанған ислам. Бірақ исламның саяси мақсаттары және оған жетудің әдіс-тәсілдерін қазақ қауымы қолдамайды. Әрине, отаршылықтың шеңберінен босаған қазақ үшін өзінің Орта Азия аймағындағы тегі бір туыстарымен тіл табысып, бір тұтас өмір кешуіне себеп болатын аса маңызды фактор – мұсылман діні. Осындай қиын-қыстау кезінде осыларға сүйену ешқандай көптік етпесе керек.

Сонымен бірге, ислам дініне бой ұсынуымыз дәстүрлі мәдениетіміз бен дүние танымымызды ығыстырып, схоластика мен мистиканың бел алуына ұрындырғанынан сақтануымыз керек. Сөйте тұра, республикамызда мешіттер болғанын, медреселердің ашылғанын қалаймыз. Өйткені, ислам дінінің де исламдыққа, сауапшылыққа, биік адамгершілікке насихаттайтын ықпалы қасиетін, сонымен бірге ұлтаралық ынтымаққа дәнекер бола алатын қасиетін мейлінше икемділікпен бүгінгі өмірімізге жарата білуіміз қажет. Сонда ғана ұлттық рухты, этникалық ерекшелік пен рухани қазыналар жүйесін сақтап қалуға, оны келесі тарихи кезеңдерге өркендетуге мүмкіндіктер туады.



Қоғам дамуындағы дағдарыс әлеуметтік саланың барлық буындарына дін әсерінің күшеюін жылдамдатады. Бұл – тарихта талай рет орын алған құбылыс. Егер саясаткерлер сол дағдарыстан шығу жолын таба алмай, әлсіздігін дін арқылы демегісі келсе, дін мемлекеттік идеологияға айналады.

Қазақ ұлты исламға толық орнықпағанын және тез қабылдағыштығын ескерсек, біз бұл салаға көңіл бөлуге тиістіміз. Ендеше, тұрмыстық деңгейде болсын қазақтар исламға көңіл бөлгені жөн. Бір ұлттың бірнеше дінге бас руының салдарын тек өзге елдің тәжірибиесінен көрсек деймін.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған саяси-экономикалық жаңарылулар мен өзгерулер ағымында мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастарында кейбір өзгерістер орын алып, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты. Мемлекет халықсыз болмайды, халықсыз билік болмайды, ал дінсіз халық болмайды. Халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар.

Көптеген этникалық топтар мен діни сенімдерден құралған біздің қоғамымыздағы өтпелі кезеңде дін мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамсыздандырудағы рөлі, өндіруші күш болып табылатын халықты ұйымдастыру құдыреті, мемлекетіміздің халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына тікелей әсер еткендігі анық көрініс берді. Мемлекет ешқашан дінсіз өмір сүрген емес, мемлекеттің дінмен бірге өмір сүретіні, мемлекет пен діннің өзара қатынаста болуы, сонымен қатар, мемлекет өз аумағында дінге қатысты заңдық күші бар заңнамалық-құжаттарымен заңды қабылдап, оны іс-жүзіне асыратыны белгілі.

Қазақстанда соңғы он жылда қалыптасқан жаңа қоғамдық-саяси ахуалдың көріністеріне назар салсақ, қоғамдағы дін мен діни бірлестіктердің рөлі өзгерді, яғни дін мен діни бірлестіктердің қоғамдық беделі және қоғамдық өмірдің әр түрлі тұстарына ықпалы айтарлықтай өсіп, мәртебесі кеңейді. Қысқа мерзім ішінде дінге сенушілердің және діни бірлестіктердің саны бірнеше есеге артып, қоғамда олардың қызметінің белсенділігі жоғарылады, қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды бөлігіне айналды, мемлекеттік конфессиялық қатынастардың сипаты өзгерді.

Қазіргі таңда жұмыссыздық, өмірден өз орнын таппағандар, рухани ізденісте жүргендер, жеке басы мен отбасындағы психологиялық қиындықтарға төзе алмағандар, Ислам дінін терең білмейтіндер, әсіресе жастар миссионерлердің үгіт-насихатына тез ілігеді. Осы орайда әрбір қазақстанның азаматына орта, орта кәсіптік, жоғары білімді алуымен қатар, діни білімді меңгеруі де маңызды, өйткені жас – өсіп келе жатқан қазақстанның болашағын дұрыс бағытталуына немесе бұрыс бағытқа еніп кетуіне дін мен діни бірлестіктердің рөлі ауқымды. Оның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін, ақ пен қараны ажыратып білгені абзал.

Ал, дінтану – бұл діннің қоғамдық маңыздылығы бар феномен ретінде жалпы жүйелік білім беретін ғылым. Қазіргі жаһандану процесі кезінде әр мемлекет өзінің ұлттық құндылықтарын, ұлттық болмысын сақтап қалуға тырысады. Бүгінгі әлеуметтік жағдайда елімізде белгілі бір идеологиялық білім ретінде дінге деген қажеттілік бар. Сол себептен, Қазақстан қоғамының түрлі этностық, конфессиялық сипатын ескере отырып, соған қоса ұлттық діни мұраны сақтап қалатындай қазіргі зайырлы қоғамға, заман талабына сай дінтану



пәнін оқыту үшін, дінтанушы мамандар аса қажет және бұл тақырып қашан да өзекті .

Кеңестік идеология мен тоталитаризм нәтижесінде орын алған дін саласындағы жағдай мен халықтың діни сауатсыздығын пайдаланып, шетелдерден түрлі діни ағымдар келе бастады. Қазақ жастарының бір бөлігі исламнан бөлек түрлі дәстүрлі емес діни ағымдардың жетегінде кете барды, қалған бөлігі мұсылман елдері, солардың ішінде Иран, Сауд Арабиясы, Мысыр елдерінен келген идеологиялық діни ағымдардың ықпалына ұрынды. Ал, қазақи дәстүр мен мәдениетті сақтап қалған бөлігі ұлттық құндылықтарды алға тартты. Сондықтан, шетелден келген идеологияларға ұрынбай, өзіміздің ұлттық болмысымызды, дінімізді, зайырлы сипатымызды сақтап қалу үшін, халықтың діни сауаттылығын көтеру өте қажет.

Сондықтан, діннің қоғамдағы рөлі артқан сайын, бүгінгі қоғамның сұранысын қанағаттандыра алатындай дін мамандары мен діни қызметшілерді даярлайтын орта және жоғары оқу орындарын құру мен қолдауға көңіл бөліну қажет. Тәуелсіздік алған бастапқы жылдармен салыстырғанда бүгінгі күні Қазақстанда дінтанушы және теолог мамандарды даярлау біршама алға басты, дегенмен сан сапаға айналмай отыр.

Ұлт көшбасшысы өз сөзінде: «Біздің еліміз – зайырлы мемлекет. Зайырлы дегеніміз – атеистік емес, ол дегеніміз – ашық, бейбітсүйгіш, толерантты, демократиялы мемлекет деген сөз»,– деді Елбасы. Яғни, қазақтың дәстүрімен ғасырлар бойы шегісіп келе жатқан ислам мәдениетін, оның құндылығын насихаттайтын уақыт жетті, сондықтан бұл құндылықты дін мен дәстүр бір екенін, олар теңгенің екі жағы болған, ажырамас бөлік ретінде халыққа анықтап, толыққанды жеткізе алатындай дінтанушы мамандарын көбейтуге күшті бағыттау керек .

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде: «Халыққа ұлы бірлік, бірлескен көңіл және жылы жүрек керек. Иманды ортадан иманды азамат, ибалы жар, өнегелі отбасы шығады. Өнегелі отбасын құру, гүлденген қоғам мен қуатты мемлекетті сақтау – әрбір азаматтың парызы» - деген. Сонымен қорытындылай келе, елдің тыныштығын сақтауда, халықтың бірлікке ықыласты болуына және қазақтың нәр алатын тамыры дәстүрден кол үзбеуде діннің, оның ішінде Қазақстандағы қоғамдық келісімді сақтаудағы ислам дінінің орны өте зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://www.akorda.kz>
2. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. –Алматы: «Эдельвейс». 104 б.
3. Казахстан в современном мире: реалии и перспективы. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. / Нұрлан Сейдін
4. <http://ortalyk-kaz.kz/> Серік СЕКСЕНҰЛЫ.
5. <http://www.mckr.kz/> А.Қалназар, МДХО-ның БАҚ мониторингі бөлімінің ғылыми қызметкері
6. <http://www.baq.kz/>
7. Әбсаттар Қажы Дербісәлі. Ислам және заман. Алматы 2003. 142-б.
8. Д.Кенжетаев, Н.Асқаров, Ә.Сайлыбаев, Ө.Тұяқбаев. Дінтану. Астана 2010. 210-б.
9. Т.Сыздықов. «Егемен Қазақстан» газеті, Алматы 2011. 4-б.
10. «Қазақстандағы діни білім беру жүйесі» / Әсел Күзембаева, ҚР ДІА Діни оқу орындарымен байланыстар және дінтану сараптамасы жөніндегі басқарма сарапшысы



ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАРЫНЫҢ ҚР ҚК-НІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ ӘСЕРІ



*Құрлық әскерлерінің Әскери институтының гуманитарлық пәндер кафедрасы бастығының орынбасары
полковник Бакиров Асқар Әбдіманапұлы*

Резюме. В научной статье рассмотрены вопросы и понятия о нетрадиционных религиозных течениях и предотвращение их влияния на военнослужащих. Методика работы командиров взводов и рот в организации и проведении индивидуально-воспитательной работы по их влиянию на военнослужащих. Дано понятие некоторым религиозным традициям. Пути решения проблем по вопросам религии.

Summary. In this scientific article questions and concepts of non-traditional religious movements and prevention of their influence on the military. Methods of work of the commanders of platoons and companies in the organization and carrying out of individual educational work for their influence on the military. Given definition of religions rituals and the ways of decisions of religions issues.

Қазіргі кезде әлемде негізгі мәселенің бірі дәстүрлі емес діни ағымдарының жүргізіп отырған идеологиясы. Олар қоғамды бүлдіре отырып, өз мақсаттарына жету жолында діндерді жамылып, жастарды үгіт-насихат арқылы адастырып, дүрбелең салып, адамдарды шатастыруда.

Елбасының басқаруымен үкімет тарапынан көптеген шаралар жүргізілуде. Ал біздің мақсатымыз Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына теріс діни ағымдардың әсерін енгізбеу. Ол үшін әскери қызметшілер арасында түсініспеушіліктерді болдырмау, діни көзқарастарды дұрыс түсіндіру шараларын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Ата заңына және Қазақстан Республикасының «Дін және діни ұйымдар» туралы заңына сәйкес діни көзқарасына шектеу қойылмаған. Бірақ әскери қызмет мемлекеттік қызметтің ерекше түрі болған соң өз ерекшеліктеріне байланысты шектеулер жасалған, яғни қызмет орнында және қызмет уақытында діни салттарды орындауға болмайды делінген. Сондықтан жоғары бас қолбасшының айтқанын орындау әскери қызметшілердің міндеті болып есептеледі.

Жалпы мен зерттей отырып, ғалым-дінтанушылардан, орталық муфтият және ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінен алған кенестерімді қорыта келе мынаны айтуға болады:

**ФРАНЦУЗ ТІЛІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ РӨЛІ**

*Құрлық әскерлерінің Әскери институтының
ғылыми-зерттеу бөлімінің аға ғылыми
қызметкері, аға лейтенант
Собек Нұрқанат Ержанұлы*

Резюме. Данная статья рассматривает роль и значение французского языка в международных дипломатических отношениях, а также особенности развития французского языка на международном уровне.

Summary. This article considers the role and meaning of French language in international diplomatic relations, also peculiarities of French on international level.

Бүгінгі таңда француз тілі әлемге таралған тілдердің арасынан он екінші орынды иемденсе, шет тілі ретінде үйренетін тілдердің қатарында екінші орынға ие. Көптеген ғалымдардың пікірінше қазіргі кезде 200 миллионнан астам адамдар осы тілде сөйлейді. Сонымен қатар француз тілі – БҰҰ ресми түрдегі алты тілінің бірі болып табылады және де осы тілді көптеген психология, философия, құқық пен медицина бойынша халықаралық ғылыми съездер мен симпозиумдарда қолданады. Француз тілі Франция мемлекетінен тыс Бельгия, Швейцария, Канада мемлекеттерінің ресми тілі болып есептеледі. Сондай-ақ, осы тілде Бенина, Буркино-Фасо, Габон, Бурунди, Гвинея, Джибути, Заир, Камерун, Конго, Кот д'Ивуар, Мали, Нигера, Руанда, Сенегал, Того, Тунис және Чад сияқты африкалық елдердің ұлт өкілдері сөйлейді.

Жалпы алғанда француз тілінің танымалдығын түсіну қиындық туғызбайды. Өйткені, француз тілі өзінің әдемілігімен, сарынымен ерекшеленеді. Тіпті осы тіл бірнеше ғасырлар бойы мәдениет пен білімді де, ғұлама тұлғалардың тілі деп есептеледі. Әрине бұл шындық, себебі мәдениет, архитектура, өнер, театр, би, аспаздық және сән өнері салалары бойынша француз тілінен енген кірме сөздерді кезкелген еуропалық тілдерден кездестіреміз.

Осындай маңыздылыққа, әлемнің әдемі де ырғақты тілі деген атқа ие болған француз тілінің өзіндік қалыптасу тарихы да ерекше. Француз тілі алғаш латын тілінен тараған және үнді еуропалық тілдер құрамының итальян тобына жатады. Ол біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының жартысында кельт тайпаларының территориясын римдіктер басып алған кезде ұлттық латын тілінен қалыптасқан болатын. Осының нәтижесінде орталық үкімет пен рим әкімшілік-аумақтық жерлерінде қарым-қатынас жасау қажеттігі туындағандықтан галло-романдық аралас ұлт болып құралды. Галлдардың ежелгі диалектілері латын тілін ығыстырып тастайды, бірақ жаңа тілдің қалыптасуына кельт пен герман тілдері өз ықпалын тигізеді. Осылайша жақын



арада галло-романдық ұлттың тілі франк тілінің ықпалына ұшырайды [1;257-271].

V ғасырда вестгот, бургунд, франк тайпалары көптеген римдік әкімшілік аумақтарына басып кіреді. VI ғасырда франктер бүкіл Галлияны басып алады. IX ғасырдың басында Ұлы Карл патшасының тұсында үлкен империяға айналған франк мемлекеті құрылады. Нәтижесінде жаңа солтүстік пен оңтүстік француз және провансальдық деген екі ұлыс құрылады. Осы кезде елдің солтүстік бөлігі германдықтардың күшті ықпалына ұшырайды, ал оңтүстік бөлігі римдіктердің билігінде қала береді. Осыған сәйкес оңтүстік және солтүстік деген екі диалект қалыптасады. Екеуі де латын тілінің негізі болғанымен тілдегі септіктер мен басқа да тілдік элементтер жоғалып кетеді. Екі диалектте белсенді түрде дамып отырады және осы екпінмен XI ғасырда солтүстік пен оңтүстікте өздеріне тән әдебиет пайда болады.

Орта ғасырларда солтүстік француз диалектісі ақырындап провансальдық диалектіні ығыстыра бастайды. Осының салдарынан жалпы француз тілінің ауызекі сөйлеу мен әдеби тілінің қолайлы жағдайын қалыптастыру үшін Иль-де-Франс аймағына барлық француз жерлерін Париж орталығымен бірге біріктіреді. Осының нәтижесінде XIV ғасырға қадам басар алдында солтүстік француз диалектісі негізгі әдеби, іскерлік және сот тілі болып табылады. Ал, Францияның Еуропадағы көшбасшы мемлекетіне айналуына байланысты XVI-XVIII ғасырларда Париж еуропа мәдениетінің орталығына, ал француз тілі еуропалық барлық аксүйектердің дипломатиялық тіліне айналады [2;25].

Француз тілі Еуропада бірқалыпты жағдайда емес және Франциядағы француз тіліне ұқсамайтын әртүрлі дәрежесімен сипатталады. Француз тілі Женева, Во, Нёвшател үш кантонының және Швейцария аумағында орналасқан бірқатар халықаралық ұйымдардың ресми тілі болып табылады. Бұл жердегі білім алу кантондардың тілінде, бірақ неміс тілді Швейцарияда бірінші шет тілі француз тілі, ал француз тілді Швейцарияда неміс тілі бірінші шет тілі француз тілі болып саналады.

Бельгия патшалығындағы 1963 жылғы бекітілген заңнамалық құжаттарында тілдерді бөлудің өзіндік ережелерін орнатқан болатын, мәселен олар солтүстікте – фламанд, оңтүстікте – француз, шығыста – неміс тілі. Қазіргі таңда оңтүстік Бельгияда француз әдеби тілі қолданысқа ие. Жалпы алғанда мемлекеттік және жекеменшік мекемелерге жұмысқа тұрумен байланысты болғандықтан Бельгия түгелдей екі тілді мемлекет және бельгиялық әдебиетте екі тілді болып есептеледі.

Люксембургте ауызекі тілде қолданылмағанымен, парламентте, құқықтану, әкімшілік құжаттар мен халықаралық байланыстарда мемлекеттік тіл ретінде қолданысқа ие. Радио мен теле бағдарламалар француз, неміс және люксембург тілінде жүргізіледі.

Андорра князьдығы Франция мен Испанияның қамқорлығында бола тұра, пошта мен телеграфтар француз префектерінің бақылауында. Олардағы бір радио желісі француз тілінде сөйлейді. Білім беру каталон тілінде, ал француз бен испан тілі шет тілі ретінде оқытылады.

Монако князьдығында француз тілі ұлттық және негізгі тіл болып табылады. Ол ресми, іскерлік және күнделікті қарым-қатынас барысында қолданыста.

Америка құрлығындағы француз тілі өз отанынан жырақта қалған болатын және оның дамуының өзіндік жолы бар.



Канада да француз тілін меңгеру XVI-XIII ғасырларда енгізілген болатын. 1608 жылы Квебек қаласы құрылады. 1663 жылы Жаңа Франция территориясы Француз патшалығының ресми билігіне өтеді. Канадалық франктер – мемлекеттің ең бір жекеленген тобы болып саналады. Олар басқа этностармен сирек араласады және өздері қиындықпен ықпалдасады. Бұған олардың аралас некелері мен француз тілін тұрақты сақтап қалуы куә. Бүгінде Квебек штатында француз, саяси және қоғамдық өмірі, ғылым мен ағарту ісі, әдебиет пен өнер орталықтары орналасқан. Француз тілінде 180-нен астам мерзімді басылымдар шығады. Монреальда 1944 жылы негізі қаланған Канадалық-француз академиясы орналасқан. Оның негізгі міндеті – француз тілі мен француз-канадалық мәдениетінің сақталып қалуы мен дамуына қызмет ету. 1969 жылы Федералды үкімет француз бен ағылшын тілдері кез келген жерде құқықты заңдылығын бекітетін арнайы заң қабылдайды. 1980 жылы қабылданған Конституция заңында екі тілдің теңдігі туралы ереже қабылданады және франкоканадалықтардың тұрғылықты жерлеріне қарамастан ана тілдерінде білім алу құқығы бекітіледі [3;72-93].

Француз тілінің Африка құрлығындағы сипаты Францияның бұрынғы отар елдеріне француз тілінің таралу нәтижесімен байланысты. Африка ұлтының ана тілі болмаса да, француз тілі барлық ұлттар арасында қарым-қатынасқа түгелдей ие емес, ол жергілікті тілдерге қосымша ретінде кейбір салаларда ғана қолданылады. Қазірде әртүрлі этностарды құраған Бенин, Сенегал, Конго, Мали, Нигер, Того, Заир, Гвинея, Габон, Тунис, Алжир мемлекеттерінде француз тілі мемлекеттік тіл ретінде қолданылады.

Сондай-ақ, француз тілі Азияда және Мұхит аралдарындағы қарым-қатынас жасаудың негізгі тілі болып есептеледі. Мәселен, олардың қатарына Гваделупа, Мартиник, Француз Гвинеясы, Реюньон, Француз Полинезиясы, Жаңа Каледония мен Гаити жатады [4;15].

Францияның Русьпен алғашқы байланысы Ярослав Мудрыйдың кезеңіне жатқызамыз. Татар шабуылдары Франция мен Ресейдің байланыстарының үзілуіне әкеліп соқтырады. Алайда, XVI ғасырдың екінші жартысында байланыстар жақсара түседі, осылайша орыс-француз дипломатиялық және сауда қатынастары жаңа сипатта қалыптасады. 1717 жылы Петр I Францияға алғаш рет сапар шегеді және осы сапар барысында ынтымақтастық пен сауда туралы алғашқы келісім-шарт жасалады, жүйелі түрде дипломатиялық қарым-қатынас орнатылады, ғылыми ақпараттармен пікір алмасу басталады.

Француз тілінің белгілі бір әсері орыс қоғамы мен орыс мәдениетіне де қатысты. Ресейде XVIII-XIX ғасырларда француз тілін меңгеру жоғары деңгейдегі қоғамның негізі болып саналған. Ресейде бір жарым ғасыр бойы шетел тілін, әсіресе алдымен француз тілін білу білімді тұлғаның бөлінбес бір бөлшегі болып табылатын. Тілдік мәдениеттің деңгейі өте жоғары болған. Француз тілін Ресейде оқыту XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында басталған болатын [5;111-125].

Франкофондық қозғалыстарды зерделеуде оның маңызды институттарын анықтау қажет. Басты инстанция ретінде мемлекет басшыларының, осы қозғалыс мүшелерінің (Франкофон саммиті) жиі өткізетін халықаралық конференцияларын негізге аламыз. Осындай маңызды форумдарға нақты жобаларды талқылайтын және ақпараттар алмасатын француз тілді мемлекеттердің министрлер конференцияларын жатқызамыз. Бұл жерде



франкофония дамуының стратегиялық бағыттары мен әлемдік қауымдастық мәселелері талқыланады.

Бүгінгі таңда маңызды да, белсенді құрылымы болып Халықаралық франкофония ұйымы (OIF) саналады. Ол 68 елді біріктіреді. Бұл ұйымға қатысушылардың мақсаты – француз тілінің беделін арттыру және мәдениеттердің сан алуандығын, әлемдік идеяны, адам құқықтарын, демократияны қорғау, тұрақты даму мен ынтымақтастық, білім беру мен ғылыми зерттеулерді дамыту болып табылады [6;77].

Франкофонияның маңызды халықаралық ұйымдарының арасынан жартылай мемлекеттік сипатқа ие Халықаралық француз тілінде сөйлейтін парламентариялы ассамблеясын ерекшелеп айтуға болады. Жалпы франкофонияның құрамына мәдениет, білім беру, ғылым мәселелерімен айналысатын оншақты үкіметтік емес ұйымдар кіреді.

Жалпы алғанда француз тілі – көркем және эстетикалық құндылықтарды таратушы. Ол Еуропаның барлық мәдени салалары бойынша ғасырлар бойы алдыңғы қатарлы идеялардың негізгі топтастырушысы болды. Француз тілі – поэзия мен махаббат тілі: өзіндік үйлесімге, тыңдауға жағымды, ойдың түпкі мәйегін жеткізуші, лирикаға толы сезімді суреттеп, бейнелеп беруші және нәзіктік пен сыпайылықтың белгісі. Француз тілінің әдебиеті бірнеше ғасырлар бойы атақты ойшылдардың, жазушылардың, ақындардың өздерінің шығармалары негізінде ана тілінің эстетикалық абыройын асқақтату арқылы өзіндік даму кезеңдерінен өтіп отырды. Бұл жердегі француз тілінің эстетикалық қызметіне оның үйлесімді дыбысы, ерекше әуенді сарыны, мәнерлілігі жатады. Оның эстетикалық ерекшелігі дыбыстардың айтылуымен ғана емес, сондай-ақ, олардың сөйлемдердегі орналасу тәртібімен айрықша көрінеді. Осы тілде қарым-қатынас жасаудың барлық ресми, салтанатты, құрметті, дөрекілік, тікелей, жанама стилдері кереметтей көрініс тапқан.

Сөйлеу мәдениеті мен ережесі ұлттық бояуға толы ерекшелікті танытатын тілдік белгі. Лексикалық нәзіктігі мен сәнділігі қарым-қатынас барысында ерекше көзге түседі. Бұл француздардың өткір тілділігі, маңызды қарым-қатынастарға түсуге, сөз сөйлеу шеберлігіне деген ерекше ықылас сезімі екендігін танытады. Әрине осындай ерекшеліктер Еуропада француз тілінің XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейінгі аралықта халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде дипломатиялық мәртебеге ие болуына ықпал етеді.

Сонымен қатар бүгінде әлемдік аренада өзінің маңызды рөлімен ерекше орынға ие халықаралық БҰҰ, ЮНЕСКО, НАТО, франкофондық экономикалық кеңістікті кеңейтуге өз ықпалын тигізетін Еуропалық Экономикалық Қауымдастық (ЕЭҚ), т.б. ұйымдарының ресми тілі болып француз тілі саналуы француз тілінің саяси тұрғыдағы қызметін, өзектілігін және маңыздылығын көрсетеді.

Үшінші мыңжылдықтың тілдік әлем бейнесі мен көп мәдениеттердің тоғысуында француз тілі – француз тілінде сөйлейтін ұлттардың санасын, өмірін, мәдениетін, дінін, философиясын, педагогикасын мен психологиясын танытушы қызметін атқарады. Жағрафиялық жағдайдың өзі әлеуметтік-лингвистикалық және мәдени құбылыс ретінде француз тілінің интеграциялық қызметінің жоғары екенін танытады, яғни бұл үдерісті француз тілінде сөйлейтін мемлекеттер мен ұлттар қауымдастығының өзара бірігуінен, әлемдік мәдениет пен білім беру құндылықтарының өзара үйлесімділігінен көреміз.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Язьков Ф.Ф. «История стран Европы» // Курс лекции Москва, 1998 г.
2. Веденина Л.Г. Франция, французы, французский язык// Справочное пособие по лингвострановедению, - М.: Просвещение, 2009
3. Рыжов К. Все монархи мира. Западная Европа. - Москва: Вече, 1999.
4. Carlo C., Causo M. Civilisation du français France international. // Paris,2003
5. Манфред А.З. Русско-французские отношения конца XIX в. // Очерки истории Франции XVIII - XX веков. М., 1961.
6. Mauchamp N. La France de toujours. // CLE International, 1991.
7. Кудрина Н.А. Прецедентные высказывания в инокультурном пространстве.// Межкультурная коммуникация и проблемы национальной идентичности. – Воронеж, 2002
8. Gerard Mermet Francoscopie (Comment vivent les Français) // Larousse, 1999
9. Charles Debbasch, Jean-Marie Pontier La société française. // Paris, 1998.





1. Дәстүрлі емес діндердің саясаты не? Ол – біріншіден; өз мақсатына жету үшін қоғамда адамдар арасында іріткі сала отырып, сананы улау; екіншіден; дінді жамыла отырып оңай ақша табу; үшіншіден; дін арқылы террористік актілер жасап, ұлт арасында қақтығыстар мен соғысты тудыру.

2. Дәстүрлі емес діни ағымдардың идеологиясына еретіндер: діни сауаттылығы жоқ адамдар; жағдайы төмен отбасында тәрбие көрген жастар; отбасы толық емес, яғни, әкесі немесе анасы жоқ жастар; өмірде қиыншылыққа тірелген жастар; әке-шешенің тәрбиесін аз көрген жастар; бұзықтыққа жақын жастар, сонымен қатар мұсылман халқы болған соң дінге жақын және ақшамен қызықтыра отырып үгіттеуге ергендер десек болады.

3. Ал офицерлер мен шартты түрдегі әскери қызметшілердің арасына теріс бағыттағы діни ағымдардың енуі жұмыс уақытысынан кейін белгілі бір адамдардың алдауына еріп, кез келген нәрсеге қызығушылығынан болуы.

Алматы қаласында курсанттар арасында тарауы сенбі-жексенбі күндері қалалық сөйілдемеге шығу кезінде теріс бағыттағы діни ағымдарының қызметкерлерінің арбауына түсіп қалуы, қызығушылықтың кесірінен базарлар, мешіттер маңында сауатсыз жазылған діни кітаптарды сатып алу, сонымен қатар тағы да көптеген жағдайлардың болуы мүмкін.

Осының барлығын сараптай келе болашақта не істеуіміз керек?

Ол үшін ең бірінші әскери қызметшілер арасында заң талаптарын орындауды талап ету, себебі, құранда «Патша туралы жаман нәрсе айтуға болмайды, Патшаның айтқаны дұрыс, Ол Алланың қойған адамы» - делінген, яғни дін туралы заң дұрыс; екіншіден; әскери бөлімдерде, әсіресе жоғары әскери оқу орындарында дінтанушы маманының болғаны дұрыс, себебі, курсанттардың немесе шартты түрдегі әскери қызметке шақырылғандардың әскерге дейінгі өмірінде әр жерден алған діни дәрістерін тексере алатын, дәстүрлі немесе дәстүрлі емес бағытын және дұрыс бағыт бере алатын діни сауаты бар дінтанушы ғана.

Взвод, рота командирлері бағыныштысының діни салтты ұстанатынын ғана тексере алады. Діни адамды тану үшін взвод командирі қарамағындағы бағыныштылармен жеке тілдесу арқылы мақсатқа жетеді. Ол үшін тәрбие жұмысының бір түрі жеке тәрбиелеу жұмысына жататын: бақылау; жеке құжаттармен танысу; жеке тілдесу; жеке тапсырма беру; жеке көмек көрсету; жолдастық ескерту және т.б. түрлерін әрдайым қолданып отыру қажет. Негізі жеке тәрбиелеу жұмысы әскери қызметшілердің жақсы және жаман жақтарын тауып, жақсы

жақтарын дамытып, жаман жақтарын жою болып табылады. Сондықтан бөлімшенің әскери дайындықта жетістікке жетуі жеке құрамның тәрбиелілігіне байланысты.

Әскери қызметшілер арасында теріс бағыттағы діни ағымдарының әсері енбеуі үшін Елбасының саясатын ұстануды әскери қызметшілерге әрдайым ескертіп отыру; екіншіден; әлемде болып жатқан терроризмге еріп адасқандардың неге барып ұшырағанын түсіндіру;

Біздің жастарымыз діннен сауаттылығы шамалы болғандықтан дәстүрлі діннің жолын дәстүрлі емес діннің жолынан ажырата алмайды, ал әскери қызметшілер болса да; мысалыға, дәстүрлі емес діни ағымдағы ер адамдар неге қысқа балақ шалбар киіп, сақал қояды? Сондай-ақ сол жолдағы қыздар «Хиджаб» - деп, Азия мемлекеттерінің ұлттық киімдерін неге киінген?

Бұл сұрақтарға жауап беретін болсақ мынаны айтуға болады:



- Теріс бағыттағы діни ағымдардың басшылары біздің қоғамда ерекшелену үшін өз топтарының ер адамдарына қысқа балақ шалбар кигізіп, сақал қойдырды, ал әйел адамына «Хиджаб» - деп, Азия мемлекеттерінің ұлттық киімін кигізіп қойды. Өз мақсаттарына жету үшін оларға солай түсіндірді.

Бұған кішкене түсінік бере кетсек, Ислам дінінде парыз (орындау) бен сүннет (орындаса да, орындамаса да болады) бар. Намаз оқу парыз болса, сақал қою сүннет, яғни сақал қою сүннет, сақал өспейтін көселер қалай қояды, осының өзін сол кезде ескерген. Ал «Хиджаб» туралы айтар болсақ, Құранда араб тілінен тәржімалағанда «Хиджаб» - әйел адамдарының әулет (ұятты) жерлерін жабу – деген сөз. Бұл жерде киімнің түрі туралы айтылмаған. Қазақ ұлтының ұлттық киімдеріне қарасаңыз да әйелдердің барлық жерлері жабық. Осыны қорыта келгенде айтайын дегенім, біреудің айтқанына ерер алдында белгілі бір сауаты бар адамдардан кеңес алған дұрыс.

Сондықтан әскери қызметшілерге дәстүрлі емес діни ағымдардың әсер етуін болдырмау үшін:

1. Тоқсан сайын тәрбие және идеологиялық жұмысына жауапты офицерлерін қауіпсіздік комитетінің қызметкерлерімен кездестіріп, кеңес алу;

2. Жарты жылда бір рет қауіпсіздік комитетінің сонымен бірге жергілікті қаланың діни орталықтарының қызметкерлерімен жеке құрамды кездестіріп, кеңес алу;

3. Жарты жылда бір рет идеологиялық жұмыс офицері сұрақ-жауап өткізіп отыру қажет, қорытындысын жоғары басшылыққа баяндау керек.

Жалпы қорыта келгенде дәстүрлі емес теріс бағыттағы діни ағымдардың идеологиясы әрине жастар арасында тез тарайды. Ал әскери қызметшілердің алдында ең бірінші міндет Отанды қорғау болғандықтан дінге көңіл бөлуге уақыт жоқтың қасы. Сондықтан «Отан қорғау да - парыз», яғни әскери қызметшілер қашанда жоғары бас қолбасшының бұйрығын орындауға кез-келген уақытта дайын болуы тиіс.